Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Түркістан-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуына және Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің түсіндірме жұмыстарының хаттамасы

ХАТТАМА №6

Өткізілген жері: «Түркістан-Су» МКК

Уақыты: 20.11.2026 жылы сағат 11:00

Төрағалық етті: Б.Мурзабеков

Хатшы: М.Сейтхалиев

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

КҮН ТӘРТІБІ:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын түсіндіру (*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы*).

ТЫҢДАЛДЫ:

«Түркістан-Су» МКК комплаенс-офицері М. Сейтхалиев сөз сөйлеп, кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектілері өз қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге және оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті шаралар қабылдауға міндетті екендігі атап өтілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай негізгі қағидаттар негізінде жүзеге асырылатыны түсіндірілді:

1) объективтілік;
2) сенімділік;
3) айқындық;
4) жан-жақтылық.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешімде төмендегі мәліметтер қамтылуы қажеттігі айтылды:

1. Ішкі талдау жүргізілетін құрылымдық бөлімшенің атауы;
2. Ішкі талдаудың бағыттары;
3. Ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға немесе жұмыс тобының құрамы;
4. Ішкі талдаумен қамтылатын кезең;
5. Ішкі талдау жүргізу мерзімі;
6. Ішкі талдауды ұйымдастыруға, үйлестіруге және оның нәтижелері үшін жауапкершілікке жүктелген лауазымды тұлға туралы мәліметтер.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі 30 жұмыс күнінен аспайтыны, ал қажеттілік туындаған жағдайда кәсіпорын басшысының тиісті бұйрығы негізінде бұл мерзім 15 жұмыс күнінен аспайтын уақытқа ұзартылуы мүмкін екендігі түсіндірілді.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізілуі қажеттігі атап өтілді.

Талдау барысында кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінің мынадай бағыттары қамтылатыны түсіндірілді:

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау;
2. Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу;
3. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
5. Бақылау және тексеру функцияларын жүзеге асыру;
6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
9. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Ішкі талдау қорытындылары бойынша талдамалық анықтама әзірленіп, онда анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, оларды жою жөніндегі ұсынымдар және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізбесі көрсетілуі қажеттігі түсіндірілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының талаптары қатаң сақталсын.
2. Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз орындауды қамтамасыз етсін.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін себептер мен жағдайларды анықтау және олардың алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдансын.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыстары белгіленген тәртіп пен мерзімдерге сәйкес ұйымдастырылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіпорынның комплаенс-офицері М. Сейтхалиевке жүктелсін..

Жиналыс төрағасы: **Б.Мурзабеков**

Жиналыс хатшысы: **М.Сейтхалиев**





